Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

11 шілде сейсенбі
№54 (1961)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ» ӘЛЕУМЕТКЕ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Көптен бері айтылып, талқыланып жүрген маңызды құжат – «Әлеуметтік кодекс» шілденің алғашқы күнінен бастап күшіне енді. Халықты әлеуметтік қолдауға бағытталған, тіпті ТМД аумағында алғаш рет қолданысқа еніп отырған бұл құжаттың әлеумет үшін пайдасы қандай болмақ? Кодекс халықтың жағдайын жақсартуға қалай әсер етпек?

Маңызды құжаттың маңызы туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова атап айтқан еді. Оның айтуынша, әлеуметтік кодекс адамның өмір сүру кезеңін түгел қамтиды. Яғни дүниеге келген күннен бастап, қарттық шақтағы өмір маңызды құжатта қамтылған. Құжатта туғаннан кәмелет жасқа толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті жаста жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кезде берілетін әлеуметтік көмек және жасы ұлғайған шақтағы қолдау көзделген. Енді әлеуметтік қолдаудың барлығы осы бір құжат арқылы реттеледі.

2 бетте

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ЕҢБЕГІ ЕРЕН – ҚАРАУЫЛТӨБЕ

Бүгінгі біздің бағытымыз – Қарауылтөбе ауылдық округі. Орайы келгенде айта кетелік, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы негізінде қалаға қарайтын ауылдардың тыныс-тіршілігін жазуды дәстүрге айналдырдық. Мақсатымыз – ауылдың тіршілігін көзбен көріп, көңілге түю, шынайы ауылдың бейнесін сол қалпында оқырманға жеткізу.

3 бетте

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

«Eco Green»: Дайын таңғы ас

Қазіргі таңда өз ісін бастаймын деген жанға шектеу жоқ. Кез келген дүниені қиыннан қиыстырып кәсіп көзіне айналдыру ебін таба білген адамға тұқ емес. Тек тұтынушы талғамы мен талабын білсең болғаны. Десек те мұның бәрі еңбекпен, ізденіспен келетінін жасыра алмаймыз.

Елімізде бұл кәсіп түрінің тұсауы енді кесіліп, қадамын тәй-тәй басып келеді. Алматы сынды үлкен шаһар тұрғындарына жақсы таныс болғанымен ел ішінде әлі де болса кең етек жая қоймаған. Ал оны өңірге әкелген кәсіпкер – Самал Смаилова. Ол өндіретін гранола – табиғи таза өнім. Адам ағзасына пайдасы зор өнім дұрыс тамақтануды жөн көретіндер үшін таптырмас дүние.

4 бетте

ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

Әлеуметтік желіден түрлі ұлттың киімін киген қуыршақтар көзге түсті. Алақандай ғана қуыршақтар түрлі-түсті киімдерімен-ақ тартымды, көздің жауын алатындай. Әр ұлттың киімін киіп, қаз қатар тізілген қуыршақтарға қызыға түстік. Бұл қаланың жас тұрғыны Сабина Темірболатованың туындысы екен.

Сабинаның қуыршақтары

4 бетте

БРИФИНГ

Конго-Қырым безгегі адам өміріне қауіп тудыруда

Бүгінде кенеден келетін кесел Сыр өңірінде үдеп барады. Соңғы екі аптада Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан 3 тұрғын қайтыс болды. Қаза тапқандардың үлкені – 77 жастағы қария. Ал ең жасы жуырда ғана 32-ге толған. Бұл туралы өңірлік комуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова айтты.

2 бетте

CNN CNN CNN

Париж: Оқ, озбырлық, ойран

Саяси шешім, қоғамдық құрылымдағы әділетсіздікке қарсы тұру жолы – наразылық шарасы. Бірақ кейде осы ұғымның аражігі мен шегіне жету мүмкін болмайды. Олай дейтініміз, қарсылық қалай тұтанары, наразылық кезінде халықтың шыдамы қай тұста бітері, істің орайы немен аяқталарын болжау қиын. Дегенмен бәріне ортақ қарсылық тетігі бар. Ол – локальді жүйенің ойсыздығы, күштік құрылымның озбырлығы. Мәселен, Ирандағы дүрбелеңге Махса Аминидің өлімі себеп болса, Джордж Флойд қазасы АҚШ-тағы қарсылықтың өзегіне айналды.

Дәл осындай сценарий Францияда да жалғасуда. 27 маусымда көлік тізгіндеген жасөспірімді полиция атып өлтіргеннен кейін елде жаппай тәртіпсіздік басталды. Ел астанасы Париж бен бірнеше ірі қалада наразы топ ғимараттарды қиратып, өрт қойып, полициямен қақтығысты. Тіпті кейбір шеруші «Нахель үшін кек аламыз» деп жазылған плакаттар ұстап алған. Қазір де қарсылық толастар емес. Өртенген көлік, жарақат алған адамның саны көп. Оқиға туралы тұрақты хабар таратқан CNN тілшісі Ниам Кеннедидің бағдарламасы назар аударуға тұрарлық.

«Францияда 2024 жылы жазғы олимпиада өту қажет. Ал мұнда тыныштық жоқ. Халық полиция қолынан қаза тапқан жасөспірімнің ісін әділ жүргізуді талап етуде. Оққа ұшқан жігіт жаяу жолмен заңсыз жүріп, жаяу жүргінші мен белсебетшінің өміріне қауіп төндірген. 2 сақшы жүргізушіні тоқтатып, көлікті өшір деп бұйырған. Бұған құлақ аспаған ол көлікті ары қарай жүргізе бергенде, полицей бір рет оқ атқан. Офицер алғашқы көмек көрсетуге тырысқан. Бірақ жеткіншек жан тапсырды. Негізі қару заңсыз қолданылған. Тергеу мен біз жинаған материалдар осыны айғақтап отыр. Соттың да ұстанымы осындай», – дейді Ниам Кеннеди.

Бағдарламада оқиғаның қалай орын алғаны егжей-тегжейлі баяндалған. Тілші сөзінше, қақтығыс Парижден 11 шақырым жердегі Нантер қаласында болған. Жергілікті тұрғын түсіріп алған мына бейнежазбадан 2 полицейдің көлікті тоқтатқанын және жеткіншектің ары қарай жүріп кеткенін көруге болады. Кейін полицей оқ атқан. Оқ атқан полицей уақытша қамауға алынды. Прокурор оққа ұшқан жеткіншектің бұрын да бірнеше рет жол ережесін бұзғанын айтады. Бұл жолы қасында тағы 2 адам болған. Біреуі жауап алынғаннан кейін босатылған. Ал үшіншісі іздестіріліп жатыр.

«Қайтыс болған жеткіншек 2006 жылы туған. Ол бұған дейін де бірнеше жол ережесін бұзған. Соңғы рет 25 маусымда Нантер сотында жауап берген. Қыркүйекте сотқа қайта келуі керек болған. Мерт болған жігітті танитындар тергеушілердің мәлімдемесімен келіспейді. Нантерде мыңдаған адам шеруге шықты. Ереуілшілердің арасында жергілікті шенеуніктер де бар. Наразы топқа Нахельдің анасы да қосылды.

Нахельдің кінәсіздігін бейнекамералар анық көрсетіп тұр. Егер осы камералар болмағанда, «Ол бұған дейін де ереже бұзып, полицияға ұсталған» деп бұл істі жылы жауып қоя салар еді. Полицейлерге неге көп қару беріледі? Байқауымызша, тәртіп сақшыларының жүйкесі жұқарған, оларды оқыту керек, оларға адам жетіспей жатыр. Полицейлердің іс-әрекеті бақылаудан шығып барады. Сондай-ақ тәртіп сақшыларының арасында нәсілшілдік бар. Жұмысшы тап тұратын аудандардағы жағдай қатты ушығып кеткен. Осының бәрін ашық талқылап, шешу жолын іздеу қажет», – дейді тілші.

Жалпы биыл Франция полицейінің қолынан 2 адам қаза тапқан. Жол ережесін бұзған олар сақшының талабына құлақ аспаған екен. Ал былтыр осындай себеппен 13 кісі көз жұмған. Тәуелсіз ақпарат агенттіктерінің мәліметінше, оққа ұшқандардың көбі қара нәсілді немесе араб ұлтынан дейді. Еуропада мигранттар көбін ескерсек, бұл қақтығыс жүйенің күйреуіне әкелу ықтимал қауіптің бірі.

Жалғасы 4-бетте

«ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ» ӘЛЕУМЕТКЕ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Басы 1-бетте

Вице-премьер атап айтқандай, маңызды құжатта ана мен баланы әлеуметтік қорғау мақсатында қандай шаралар жүзеге асатыны кодексте көрсетілген. Атап айтқанда, жыл басынан бастап бала күтіміне байланысты төлемдер мерзімі 1,5 жасқа дейін ұзартылды. Бүгінде мұндай көмекті 450 мыңнан астам отбасы алды. Жыл соңына дейін 800 мыңнан астам отбасы қамтылады деп болжанып отыр;

1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған атаулы әлеуметтік көмек ақшалай берілуде. Жыл басынан бері мұндай көмек 171 мыңнан астам балаға көрсетілді. Жыл соңына дейін 212 мың балаға берілмек;

1 шілдеден бастап «Алтын алқа» төсбелгісімен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері 7,4 айлық есептік көрсеткішке дейін артып, 90 мың анаға төлене бастайды.

Кодексте мүгедектігі бар азаматтарға да көп көңіл бөлінген. Негізгі мақсат – мүгедектігі бар азаматтардың жәрдемақыларын көбейту. Сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді қолжетімді ету.

Ол үшін осы жылдың 1 шілдесінен бастап мүгедектігі бар адамдарға, оларға күтім жасайтындарға, асыраушыларынан айырылған отбасыларға төленетін жәрдемақы мөлшері 14,5%-ға көбейеді. Жыл басында жәрдемақы мөлшерінің 8,5%-ға өскенін ескерсек, төлемдердің мөлшері жалпы 23%-ға артады. Сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтардың күтушілеріне еңбекақымен қоса зейнетақы жарналары төленіп, олардың толық зейнетақы алу құқығына ие болу мүмкіндігі қарастырылды.

Сонымен бірге осы санаттағы азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың ұсынысы бойынша:

– «Спина бифида» диагнозы қойылған 242 азаматты сапалы катетерлермен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілген. Бұған қажетті 328 млн теңге республикалық бюджеттен бөлінеді;

– азаматтарға берілетін гигиеналық заттардың нормативі 2 есе артты. Ол үшін жергілікті бюджеттен 5 млрд теңге қарастырылған;

– менталды ауруы бар балаларды шипажайлық-курорттық емдеу денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, пилотты түрде жүргізілетін болады. Алдағы жартыжылдықта өңір басшылары осы санаттағы 1 126 баланы шипажайда емдеуді қарастырып, қажетті қаражат бөлінген;

– инватакси мәселесін түпкілікті шешу үшін Яндекс таксимен келіссөз жүргізілді. Алматы мен Астана қалаларында осы платформаның қызметі мүгедектігі бар азаматтар үшін қолжетімді болмақ.

– Сонымен қатар кодексте арнаулы әлеуметтік қызметтердің жан басына шаққандағы нормативтерін 2025 жылдан бастап енгізу қарастырылған. Мұндай өзгеріс алғаш рет енгізілетінін ескеріп, пилотты түрде бастауды жөн көрдік. Шілде айынан бастап 7 өңірде сыйымдылығы 50 баладан аспайтын шағын үйлерде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жобасы пилоттық түрде жүргізілетін болады», – деді Премьер-министрдің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова.

Оның айтуынша, соңғы кезде жиі көтеріліп жүрген түйткілдің бірі – сапалы оңалту құралдарына деген сұраныс. Бұл мәселені шешудің 2 жолы қарастырылуда:

Балалардың оңалту құралдарына қол жеткізуіне мүмкіндік беретін «Техникалық оңалту құралдары инновациялық фабрикасы» жобасы биыл басталады. Бұл жоба Қазақстан халқына қорымен бірлесіп қолға алынады.

Сонымен қатар зейнетақы мөлшерін арттыру және жүйенің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жыл басында базалық және еңбек зейнетақыларының мөлшерін есептеу параметрлері өзгертілді. Саралап көтеру механизмін қолдану нәтижесінде ең төменгі базалық зейнетақы көлемі 21%-ға дейін өсті. Бұл зейнетақысы аз зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдау екені сөзсіз. Ал болашақ зейнеткерлер үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс берушілер тарапынан қосымша зейнетақы жарналары төленеді.

Бұдан бөлек кодексте салымшылардың өз активтерін басқару құқығын кеңейтуге қатысты өзгерістер енгізілді. Салымшыларға зейнетақы жинақтарының 50%-ынан аспайтын бөлігін активтерді басқару компаниясына беру және мұндай компанияны өздері таңдау құқығы беріледі.

Жыл басынан қолданысқа енгізілген Отбасының цифрлық картасы проактивті қызмет көрсету құралы ретінде толыққанды жұмыс істеуде. Есепті кезеңде 800 мыңнан астам азаматқа проактивті қолдау шараларын ұсынуға SMS жолданған. Оның ішінде 650 мың азаматқа төлемдер проактивті түрде, 95 мың азаматқа «Азаматтарға арналған үкімет» ұйымы арқылы тағайындалды.

– Ендігі кезекте, Отбасы картасы әрбір аймақ әкімінің әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу құралына айналуы керек. Қазір осы бағытта өңірлермен тығыз жұмысты бастадық. Кодекстің аталған нормаларын іске асыруға қажетті нормативтік құқықтық актілер толық даярланғанын және 1,5 млн-нан астам азаматтардың жәрдемақылары қайта есептелініп, 1 шілдеден бастап төленеді», – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Маңызды құжаттың Қызылорда қаласында жүзеге асу барысына келсек, 2023 жылдың 1 маусымына қала бойынша тіркелген жұмыссыздардың жалпы саны 7 310 адамды құрап, тіркелген жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құраған.

Жыл басынан 5 577 жаңа жұмыс орындары ашылып, 1 556 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Халықтың аз қамтамасыз етілген «әлжуаз» топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында 2023 жылдың 1 маусымына мемлекеттік атаулы көмекке 2023 жылға 2 397,1 млн теңге қаржы бөлінген.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаеваның айтуынша, жыл көлемінде қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі арқылы 99 093 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде 35 853 адамға атаулы әлеуметтік көмек төленіп, 11 398 балаға кепілдендірілген әлеуметтік топтама берілді. 5325 адамға тұрғын үй көмегі көрсетілді. Жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 3970 адамға әлеуметтік төлем жүргізілген.

Халықтың аз қамтамасыз етілген «әлжуаз» топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында 2023 жылдың 1 маусымына:

Мемлекеттік атаулы көмекке 2023 жылға 2 397,1 млн теңге қаржы бөлінді.

Оның ішінде:

- Шартты әлеуметтік көмекке 4 267 отбасының 22 730 адамына 1 059,4 млн теңге тағайындалып, 4 127 отбасының 21 981 адамына 849,0 млн теңге төленді.

- Шартсыз әлеуметтік көмекке 1 306 отбасының 5 213 адамына 403,4 млн теңге тағайындалып, 1 275 отбасының 5 096 адамына 320,8 млн теңге төленді.

Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі 8 227 балаға 140,8 млн теңгеге кепілдендірілген әлеуметтік топтама берілді.

Орта білім беру ұйымдарында оқитын алтыдан он сегіз жасқа дейінгі балалары бар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы табысы аз отбасылардың 6800 баласына жолда жүру ақысына 187,7 млн теңге бөлініп, 6 985 балаға 79,2 млн теңгесі төленді.

Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абонеттік жалғамалармен қамтуға 0,8 млн теңге бөлінді.

Тұрғын үй көмегі бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (электр, газ, жылу, ауыз су және кәріз су қызметтерін тұтыну төлемі, күрделі жөндеу қызметтеріне) 2023 жылы жергілікті бюджеттен 65,1 млн теңге бөлініп, 01.06.2023 жылға 1017 отбасыға 20,9 млн теңге төленді.

Үйі өртенген азаматтарға материалдық көмекке 20 отбасына 10,3 млн теңге бөлініп, 7 отбасына 3,6 млн теңге төленген.

ҰОС-қа қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге отырмаған жесірлеріне, концлагерьдің бұрынғы жасы кәмелетке толмаған тұтқындарына Ұлы Отан соғысында қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО медалымен, ордендерімен наградталған тыл ардагерлеріне Ұлы Отан Соғысы жылдарында кемінде 6 ай жұмыс істеген тыл ардагерлеріне Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 78 жылдығына облыстық және қалалық бюджеттен 881 адамға 124,6 млн теңге қаралып, 807 адамға 114,1 млн теңге төленді.

Ауған соғысының, Тәжікстан – Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауға, Ирактағы халықаралық бітімгершілікке, Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысқа қатысушыларына және Чернобыль, Семей апатынан зардап шеккен азаматтарына, ЧАЭС апаттық салдарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына бір жолғы әлеуметтік көмекке 928 адамға 124,9 млн теңге бөлініп, 930 адамға 124,3 млн теңге төленді.

Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға қосымша тамақтануға берілген әлеуметтік көмекке 320 адамға 132,5 млн теңге бөлініп, 399 адамға 41,7 млн теңге төленді.

Лейкоз ауруымен ауыратын балаларға әлеуметтік көмек ретінде 24 балаға 7,5 млн теңге бөлініп, 23 балаға 2,8 млн теңге төленді.

АИТВ-инфекция диагнозы бар диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына берілетін әлеуметтік төлем 1 балаға 1,0 млн теңге бөлініп, 0,4 млн теңге игерілді.

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға 695 адамға 9,6 млн теңге қаралды.

Облыс әкімі гранты бойынша өңірге қажет мамандықтар бойынша аз қамтылған халықтың осал тобынан шыққан студенттерге 2022-2023 оқу жылына оқу ақысы мен тамақтану және тұру шығындарына 136 студентке 115,5 млн теңге бөлінді.

Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдардың қоғаммен байланыс орнату мақсатында Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері мен мүгедектері арасында әлеуметтік маңызды іс-шараларды жүзеге асыруға 6,4 млн теңге бөлініп, 2,5 млн теңге игерілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын кешенді ыстық тамақпен қамту қызметіне 58,7 млн теңге бөлініп, 24,8 млн теңге төленді.

Сонымен қатар халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық, жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйіне» 100 орындық күндізгі болу жартылай стационарлық бөлімшеге – 203 адамға, «Белсенді ұзақ өмір» орталығына 198 адамға, «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталығына» 48 адамға, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 15 адам тұрақты мемлекеттік қамтамасыз етілуге жолданды.

Қызылорда қаласы бойынша жалпы мүгедектер саны 11 135 адам (1,2 топ – 4 585, 3 топ – 3 332), 3 218-і бала жасынан мүгедек.

Бөлім тарапынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылдың 22 қаңтардағы №26 қаулысына және «Мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына» сәйкес жыл басынан бері қала және қалаға қарасты ауылдық округтерде тұратын мүгедектер гигиеналық және арнаулы жүріп – тұру құралдарымен қамтамасыз етілді. «Мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына» сәйкес:

1 топ мүгедектеріне 930 жеке көмекшілердің қызметіне 1 305,7 млн теңге бөлініп, 1005 жеке көмекшіге 356,8 млн теңге төленді.

17 ымдау тілінің мамандарының қызметтеріне 69,5 млн теңге бөлініп, 22,7 млн теңге төленді.

Мүгедектерді инватакси қызметімен қамтамасыз етуге 38,7 млн теңге бөлініп, 11,1 млн теңге игерілді.

Үйде тәрбиеленіп және оқылатын 500 мүгедек балаларды материалдық қамтуға 46,6 млн теңге бөлініп, 527 балаға 15,5 млн теңге игерілді.

Мүгедектерге гигиеналық құралдарға (памперс) 426,2 млн теңге бөлініп, игерілгені 286,2 млн теңге (3533 адам).

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен мүгедектігі бар адамдарға арналған компьютерлік орталық ұйымдастыруды жүзеге асыруға 5,6 млн теңге бөлініп, 1,7 млн теңгесі игерілді.

Жартылай стационарлық түрдегі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж тірек қимыл аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар 35 мүгедек балаларға күндізгі стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге 34,0 млн теңге қаралып және үйде қызмет көрсету жағдайында мүгедектігі бар балаларға 7,9 млн теңге қаралды.

Қала бойынша әлеуметтік көмек көрсету бөлімінде 181 жалғызбасты азаматтар (мүгедектер, зейнеткерлер) есепте тұрады. Оның ішінде мүгедектер – 38 адам, 143 адам жасына байланысты зейнеткерлер. Оларға әлеуметтік қызметкер үйден түрлі әлеуметтік қызмет түрлері (азық-түлік, дәрі-дәрмек әкелу, коммуналдық төлемдерін төлеу, пәтерлеріне жеңіл тазалық жұмыстарын жүргізу және т.б.) көрсетіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау мақсатында 210 бала есепке алынған.

Жұмысқа тартудың белсенді түрлерінің бірі – қалада ай сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу арқылы жұмыссыздарға жұмыс берушілермен кездесуге мүмкіндік береді. Ағымдағы жылы 3 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 90 мекемеден жұмыс берушілері мен қадр қызметкерлері қатысып, 583 бос жұмыс орындарына сұраныстар ұсынды. Өткізілген «Бос жұмыс орындары» жәрмеңке нәтижесімен 52 адам тұрақты жұмысқа тұрып, 360 адам кеңес алды.

2023 жылға қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 541 адамға, 150 203 мың теңге қаражат бөлінді.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грантттар беру үшін бюджеттен 380 адамға 524 400 мың теңге қаражат бөлінді. Қоғамдық жұмысқа 2185 адамға бюджеттен 1 808 837 мың теңге бөлініп, 2523 адам жұмысқа тартылып, 410 386 мың теңге игерілді. Әлеуметтік жұмыс орнына 289 адамға бюджеттен 239 292 мың теңге бөлініп, 145 адам жолданып, 22 292 мың теңге игерілді. Жастар тәжірибесі бойынша 1592 адамға 1 977 264 мың теңге бөлініп, бағдарлама аясында сұраныс берген 190 мекемеге 274 жас маман жолданып, 224 785 мың теңге игерілген. Алғашқы жұмыс орнына 463 жас маманға 575 046 мың теңге бөлініп, 26 жас маман жұмысқа жолданып, 18 775 мың теңге игерілді. «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 4 адамға 2 484 мың теңге қаражат бөлінді. «Күміс жас» жобасына 494 адам жұмыспен қамтылған.

Айта кетелік, биыл қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміна қарасты барлық орталықтар бір ғимаратқа шоғырланып, бір жерден қызмет көрсетуде. Бұл орталықта мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасалған және бір терезе қағидатына сай қызмет көрсетуде.

Айта кету керек, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 105 азамат жолданып, оның 92-сі тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бағдарламаның екінші бағыты бойынша «Бастау бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздеріне оқу курсын 5087 адам аяқтап, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бойынша 814 азамат мемлекеттік грантқа ие болды.

Сондай-ақ, «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бағыты бойынша қоғамдық жұмыстарға 2942 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 206 адам, жастар тәжірибесіне 1108 жас маман, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен 71 жас маман, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасымен 5 адам, «Күміс жас» жобасымен 38 зейнеталды жастағы азамат жұмысқа жолданды. Аталған бағдарламалар арқылы жұмысқа жолданған азаматтардың 512-сі тұрақты жұмысқа орналасқан.

Жыл көлемінде қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі арқылы 99 093 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде 35 853 адамға атаулы әлеуметтік көмек төленіп, 11 398 балаға кепілдендірілген әлеуметтік топтама берілді. 5325 адамға тұрғын үй көмегі көрсетілді. Жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 3970 адамға әлеуметтік төлем жүргізілді.

Мүгедектігі бар тұлғаларды оңалту шараларын жүзеге асыру бойынша 1 топ мүгедектеріне 904 жеке көмекші, есту кемістігі бар адамдарға 17 ымдау тілі маманы, 13 инватакси қызмет көрсетті. Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедектігі бар 507 балаға әлеуметтік төлем жүргізіліп, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал 225 отбасы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Айта кетелік, облыс орталығында жұмыссыздарды азайту, тұрғындардың кәсіппен айналсуына мүмкіндік жасау мақсатында түрлі шаралар, әлеуметтік жәрмеңкелер жүйелі ұйымдастырылып, нәтижесінде кәсіп бастаушылар қатары артып келеді.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

АУЫЛҒА ЖАҢА ӘКІМ САЙЛАНДЫ

Кешегі жексенбіде, 9 шілде күні Ақсуат ауылында сайлау өтті. Таңғы сағат 7:00-де №227, №265 сайлау учаскесі ашылды. Аталған ауылдық округ әкімінің кандитаттығына алғашында 4 адам ұсынылған. Алайда 1-уі өз өтініші негізінде үміткерліктен алынды. Қалған 3 кандидат сайлау науқанына өзін-өзі ұсыну тәртібімен қатысты. Әкім болуға үмітті кандидаттарға ауыл округінің тұрғындары өз таңдауын жасап, дауыс берді. Сондай-ақ сайлауға алғашқылардың бірі болып дауыс берген тұрғындарға сыйлық та берілді. Сайлау науқанының қорытындысы жексенбі күні кешкі уақытта айқындалды.

Айта кететін жайт, 10030 халқы бар Ақсуат ауылдық округінде 5602 сайлаушы тіркелсе, дауыс беруге 4548 адам қатысқан. Оның 1-уі ғана сайлау учаскесінен тыс жерде дауыс берген. Ал қалған 5-уі жарамсыз деп танылған.

Сайлау нәтижесінде үміткер Жүсіпов Асқар Орманбекұлы 312 дауыс жинаса, үміткер Қарабаев Асқар Мырзахметұлына 538 дауыс берген. Бақытов Нұрболат Бақытұлына 3668 адам дауыс берген. Кандитаттар ішінен «Барлығына қарсы» дауыс саны – 25.

Сонымен, дауыс беру қорытындысы бойынша Ақсуат ауылдық округінің әкімі болып Бақытов Нұрболат Бақытұлы сайланды. Ол 1981 жылы Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округінде дүниеге келген. Бұған дейін жаңа әкім Ақсуат ауылдық округ әкімі аппаратының жетекші маманы қызметін атқарған. Яғни ауылдағылар үшін бейтаныс есім емес.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Конго-Қырым безгегі адам өміріне қауіп тудыруда

Басы 1-бетте

Аталған Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан 3 адам ажал құшқан. Оның екеуі Шиелі ауданының азаматы. Бір айға жетпей адам өліміне әкелген жантүршігерлік жайт өңір тұрғындарын алаңдатып отыр. Жалпы жыл басынан бері облыста кене шағу дерегімен 29 науқас ауруханаға түскен. Оның ішінде Сырдария және Қармақшы ауданында – 1, Жаңақорған ауданында – 5, қалада – 1, Шиеліде – 2 тұрғын анықталған. Мамандардың айтуынша, бұл көрсеткіш әлі де үдеуі мүмкін. Себебі улы жәндіктің ең қауіпті кезеңі қазан айына дейін жалғасады. Қазір аймақта 106 қолайсыз елді мекен анықталып, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 242 миллион теңге қаржы бөлінген. Мамандар кенеден келетін кеселдің алдын алу шаралары өз деңгейінде жүргізіліп жатқанын айтады.

– Барлық 106 елді мекеннің ішінде 556 мың мал басы бар. Оның ішінде яғни 2 млн 335 мың шаршы метр қора, суаттарды креолин-х ертіндісімен залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Оны мемлекеттік сатып алу ашық конкурсының нәтижесі бойынша анықталған 4 мердігер мекеме жүргізді. Жауапты мекемелермен келісімшарттар жасалды. Атап айтсақ, «Сәтті-түлік» мердігер мекемесі Шиелі, Қармақшы ауданына, «Ақтөбе дезинфекция» Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш ауданына, ал «Танкеев» жеке кәсіпкер Қызылорда қаласына, «Дезинфекция-2» Арал, Қазалы ауданына залалсыздандыру жұмыстарын жүргізген. Көктемгі залалсыздандыру жұмыстары «Ұлттық сараптама» орталығының облыстық филиалымен бекітілген кестеге сәйкес, 11 сәуірде басталып 13 маусымға дейін жүргізілді. Облыс бойынша көктемгі залалсыздандыру жұмыстарының орташа тиімділік көрсеткіші – 97,2 пайызды құрады, – дейді облыстық «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы Бауыржан Садықов.

Ал облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Әлия Әбдікайымованың айтуынша, былтыр кене шағу дерегімен 601 адам медициналық көмекке жүгінсе, биыл 712 адамға тиісті ем-шара жасалған. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы аса қауіпті жұқпалы ауру болып саналады. Сондықтан науқас 14 күн бойы дәрігер бақылауында болады.

Жаңақорған, Шиелі – ауданында орын алған жағдай тұрғындар арасында үрей тудырғанын жасыра алмаймыз. Бұл мәселені әлеуметтік желіде қоғам белсенділері де қозғады. Қауіптің алдын-алу мақсатында залалсыздандыру жұмыстары тұрақты жүргізілсе де, нәтижесі көңіл көншітпейді.

Ел арасында дүрбелең тудырған жағдайға байланысты облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Мүтәліпқызы мәселенің көптен бері күрделенгенін айтады. Маман бұған жауапты мердігер мекемелердің жұмысының салғырттығы себеп екенін тілге тиек етті. Мердігер мекемелер Алматы, Шымкент сынды өзге облыстан анықталған. Ал олардың жұмысының дұрыс жүргізілгенін заң талабына сай эпидемиологтар тексере алмайдымыс.

Күрмеуі қиын мәселе 3 адамның өлімінен соң қозғалуда. Бұған осы салаға жауапты, тиісті жауапкершілік жүктелген мамандардың жауапсыз әрекеті себеп болуда. Кенемен күрес жұмысы күзге дейін жүргізілетіндіктен бұл ретте тұрғындар аса сақ болғаны жөн. Салдары адам өліміне әкелетін Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы дене қызуының көтерілуі, локсу, іш өту, көздің қызаруы, мойын, арқа, бел ауруы сынды белгі береді. Күдікті жағдайда тұрғындар дереу медициналық көмекке жүгінгені жөн. Мамандар тұрғындарға осындай кеңес береді.

Н.ТАЛҒАТҚЫЗЫ

АЛТЫН БЕСІК

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ЕҢБЕГІ ЕРЕН – ҚАРАУЫЛТӨБЕ

Қарауылтөбе атанудың сыры бар...

Қазақта «ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген өсиетті сөз бар. Алдымен мұндағы елге сыйлы қария, ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Досмахановпен тілдесіп, ауыл тарихын сұрадық. Көнекөз қарияның айтуынша, елімізде Қарауылтөбе деген үш ауыл бар. Мұнан бөлек бұл атаумен аталатын тау, шоқы, сілем кездеседі. Демек, Қарауылтөбе деген сөз құлаққа жат емес, әр өңірдің тарихынан сыр шертеді. Ал біздің бағыт басқа, қалаға қарасты ауылдық округ. Әйткенмен мұның да ішке бүккен сыры бар.

1933 жылдан бастап КСРО халық комиссариаты бүкілодақтық күріш тәжірибе стансасы (Краснодар қаласы) жүйесінің Қызылорда күріш тәжірибе танабы атауымен белгілі. 1950 жылдың шамасында Ленин атындағы бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясы филиалының қазақ егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жүйесі Қызылорда күріш тәжірибе танабының күріш және ауыспалы егіс дақылының жаңа сортын шығарып, өсіру технологиясын әзірлейтін «Қарауылтөбе тәжірибе станциясы» ғылыми және өндірістік базасы болып қайта құрылған. Сырдария ауданы бойынша күріш егумен Абай, Жамбыл атындағы совхозбен қатар күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығы да айналысты. Қызылорда су тоспасын 1956 жылы пайдалануға бергеннен кейін, Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығына күріштік жерлерді дайындауға қосымша қаржы бөлінді. Аудан көлемінде күріштен мол өнім алуды мақсат тұтқан қазақ күріш жөніндегі ғылыми зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығына көп жылдар бойы ауылшаруашылығына еңбегі сіңген ғалым Әшім Ибраевтың еңбегі зор. Кейіннен институт директоры Ә.Ибраев жоғары өнім беретін «Маржан» сортына қолдау көрсетті. Қарауылтөбе колхозы құрылған алғашқы жылдары Ленин орденінің иегері Дүзелбай Қарабалаев басқарды. Қиын-қыстау уақыт, шаруаның барлығы қолмен атқарылды. Көрші отырған бау-бақша егумен айналысатын Сталин колхозында темір доңғалақты екі трактор болды. Сол себепті колхоздың егістік алқабында көкөніс-бақша өнімін көптеп егетін.

Дүкенбай каналының шығыс бетінде биік төбе көрінеді. Қарауылтөбе дегеніміз осы. Ауылдың аталуы да осыған қатысты.

– Аймақтағы Қаратөбе, Келінтөбе, Жалғызтөбе, Балапантөбе, Тектұрмас, Абызтөбе, Ақтөбе секілді Қарауылтөбе де бір төбе, онда жаугершілік заманда төңіректі бақылаған күзетші отырған. Алда-жалда жау шапса, белгі беру орны болды. Кешеге дейін айналасында сүйек шашылып жатты дейді көпшілік. Оны зерттеуге журналист Мырқы Исаев көп еңбек сіңірді. Басына белгі қойды. Мұның бір себебі мынау: өткен ғасырдың отты отыз жетінің ойранында «халық жауы» дегендер осында әкелініп, атылды деген болжам бар. Бүгінде төңірегі зират, бару жолы жабылған. Мал ұстаған кәсіпкерлер қоршау қойып, ескі сүрлеу егесіз қалды.

Басы 1-бетте

Мұнан бөлек, ауылдың батыс жағында Наурызбай белгісі тұр. Бұл қай Наурызбай, оны ешкім білмейді. Мұны тарихшы-ғалым Бақытжан Ахметбектен сұрастырып көрдік. Тарихшы-ғалым «Жаппас руында Наурызбай деген белгілі тұлға болғаны анық. Бірақ оның жерленген жері ол аймақта емес. Алтындар көтерілісіне байланысты көп адам сол маңайда атылды деген болжам бар, – деді. Ертеректе халық әртісі Асанәлі Әшімов та сол жерге барып көрген екен. Бірақ не үшін барды, нені іздестірді, оның да құпиясы өзінде. Естуімізше, бір батырдың сүйегі жатыр дейді-мыс. Ол аңыз ба, ақиқат па, тарихқа терең үңілу керек, – дейді қарт.

Кейбір деректе бұрын ру-ру болып, өз алдына отырған шағын ауылдар бұл төңіректе аз болмапты. Негізінен тарихи деректе Қарауылтөбе елді мекенінің іргетасы 1929 жылы қаланды дейді. Олай дейтіні, 1929-1992 жылдар аралығында Сырдария ауданы бұрынғы Комсомол (қазіргі Қызылжарма) ауылдық кеңесінің құрамында болды. Ал 1992-2005 жылдарда Сырдария ауданы, Абай (Қосшыңырау) совхозының құрамына кірді. Қарауылтөбе ауылы 1997 жылдан Қызылорда қаласына қарайды.

Өткен ғасырдың 1929 жылы кішігірім Алтынбай, Шортанкөл, Соркөл, Алтықұлаш, Наурызбай және Қарлықұм ауылдарының біріктірілуі негізінде Қарауылтөбе ауылының негізі қаланып, орталығы Қызылорда қаласында орналасқан Сырдария ауданына қарасты «Қызылжарма» ауылдық кеңесінің қарамағына өтті.

Күріш тәжірибе алаңы болған

1933 жылдан бастап КСРО халық комиссариаты бүкілодақтық күріш тәжірибе стансасы (Краснодар қаласы) жүйесінің Қызылорда күріш тәжірибе танабы атауымен белгілі.

1950 жылдың шамасында Ленин атындағы бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясы филиалының қазақ егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жүйесі Қызылорда күріш тәжірибе танабының күріш және ауыспалы егіс дақылының жаңа сортын шығарып, өсіру технологиясын әзірлейтін «Қарауылтөбе тәжірибе станциясы» ғылыми және өндірістік базасы болып қайта құрылған.

Сырдария ауданы бойынша күріш егумен Абай, Жамбыл атындағы совхозбен қатар күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығы да айналысты.

Қызылорда су тоспасын 1956 жылы пайдалануға бергеннен кейін, Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығына күріштік жерлерді дайындауға қосымша қаржы бөлінді.

Аудан көлемінде күріштен мол өнім алуды мақсат тұтқан қазақ күріш жөніндегі ғылыми зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығына көп жылдар бойы ауылшаруашылығына еңбегі сіңген ғалым Әшім Ибраевтың еңбегі зор. Кейіннен институт директоры Ә.Ибраев жоғары өнім беретін «Маржан» сортына қолдау көрсетті.

Қарауылтөбе колхозы құрылған алғашқы жылдары Ленин орденінің иегері Дүзелбай Қарабалаев басқарды. Қиын-қыстау уақыт, шаруаның барлығы қолмен атқарылды. Көрші отырған бау-бақша егумен айналысатын Сталин колхозында темір доңғалақты екі трактор болды. Сол себепті колхоздың егістік алқабында көкөніс-бақша өнімін көптеп егетін.

Білім ұясын басқарғандар

Ауылда 1938 жылы алғашқы үш кластық бастауыш мектебі ашылды. Кейіннен 1967 жылы 192 орындық сегіз кластық жаңа мектеп бой көтеріп, ол 1973 жылы №179 орта мектепке айналды.

Мектепті алғашқы ұйымдастырушылар Асқар Меңліханов, Қыдырма Кәрібаев, Сара Есенова, Павел Ли Афанасьевич, Қалыбай Бегдуллаевтар болды.

Кейінгі жылдары №179 орта мектепті Әбубәкір Әбілсанов, Құдайберген Әбдіғалиев, Ақтай Мұстафаев, Мұхамбетжан Әлімбетов, Мәлік Науанов, Сақтапберген Бермағанбетов, Әбсаттар Әбдіғаппаров, Зухра Абибуллаева, Мұхтар Беркінбай, Гүлзада Нұртасова басқарды. Бүгінде тарихы терең білім ордасын Асқар Садықов басқарады.

№12 кәсіптік-техникалық училищесі 1975-1985 жылдар аралығында Қарауылтөбе ауылындағы типтік жобадағы оқу, жатақхана мен асхана ғимараты бар орынға қоныс тепті. Училищеде кең көлемді тракторист-машинист және автомобиль жүргізушісі, аспаз, есепші, құрылыс, токарь мамандықтарына басымдық берілді. Училищені ұзақ жылдар бойы Жақып Әбдіхалықов басқарды. Осындай шежірелі тарихы бар ауылға атақты ақын Сырбай Мәуленов өлең арнапты.

Шыққан ерлер бұл төбеге
Батырлықтың жалауын ап,
Шыққан ерлер бұл төбеге
Төңіректі қарауылдап.
Биігінен көрінеді
Сыр бойының әр адыры.
Сондықтан да осы төбе
Атанған жер қарауылы.

Бүгінгі ауыл келбеті

Кезінде сыр салысын өсірумен даңқы шыққан Қарауылтөбе бүгінде үш мыңға жуық адамның құтты қонысы. Жаңа заман лебімен алға адымдаған ауылдың бюджеті бүгінде 125,953 млн теңгені құрап отыр. Салықтық түсімдер 7 млн 30 мың теңгеге жеткен. Бүгінде оның 140 пайызы орындалған.

– Ауылдық округте 150 орындық ауылдық клуб үйінің құрылысын жүргізу үшін «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен бөлінген 274,4 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы «Өмірзақ» ЖШС жеңімпаз атанып, қазіргі таңда құрылыс жұмысын жүргізуде. Округтегі жаңадан қоныстанушы аумақтағы жалпы ұзындығы 8,55 шақырымды құрайтын 14 көшеге 303,241 млн теңге бөлініп, «Ақтоған» ЖШС-мен қиыршық тас төсеу жұмысы жүргізілуде.

«Ауыл ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 25,1 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы жеңімпаз боп танылған «Айзон» ЖШС-мен округтегі Желтоқсан көшесіне орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. «Строй модуль-Астана» ЖШС басшысы Жасұлан Шамұратов өз қаржысына 2022 жылы құны 17 млн тұратын балалар ойын алаңын салып, ауылдағы балақайларға базарлық жасады.

Ал «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, нәтижесінде «Азия Голд Контракшн» ЖШС жеңімпаз болып, 2,211 млн теңгеге жарықтандыру бағанасын орнату жұмысын жүргізді. «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы болып танылған «Элком» ЖШС 2023 жылға ауыспалы негізде округ бойынша электр желісін орнату жұмысын жүргізуде, – дейді ауыл әкімі Еркін Ахетов.

Ауыл басшысынан болашақ жобалары туралы сұрадық. Әкімнің айтуынша, округке кіре беріс жолдың бойына және С.Байсейітов көшесіне жаяу жүргінші жолының жоба-сметалық құжаты мен мемлекеттік сараптама қорытындысы дайындалып, құрылыс жұмысына қаржы қаралған. Қазір мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурс жарияланып, мердігер мекеме анықталуда. Ал Ж.Әбдіхалықов, А.Құнанбаев, Желтоқсан көшелеріне жаяу жүргінші жолының құрылысы бойынша жоба-сметалық құжат пен мемлекеттік сараптама қорытындысы дайындалып, құрылыс жұмысына қаржы қаралған. Қазір конкурс жарияланып, мердігер мекеме анықталуда. Сондай-ақ жаңа қоныс аумағының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 көшелеріне жаяу жүргінші жолының құрылыс жұмыстарына бюджеттік өтінім ұсынылған. Жаңа қоныс аумағының 1, 3, 5 көшелеріне жарық бағанасын орнату жұмысы үшін 57,6 млн теңге бөлінген. Ауылдық округтің жаңа қоныс аумағындағы спорт алаңына жоба-сметалық құжат пен мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жұмысы жүргізілуде екен. Ең бастысы ауыл халқы үшін жол мен жарық мәселесі жуық арада шешілмек. Ауылдағы тарихы терең А.Хангелдин атындағы №179 орта мектебінің ғимараты жаңадан салынған. Құрылысы 2010 жылы басталып, 2011 жылдың қаңтар айында пайдалануға берілген. Мектеп 250 орынға арналып салынған. Қазіргі таңда 2 ауысымда 505 оқушы білім алуда. Мектеп жанында 40 балаға арналған «Нұрбөбек» шағын орталығы жұмыс жасайды.

Мешіт – имандылық үйі

2020 жылы Қарауылтөбе ауылында 300 орындық жаңа мешіт ел игілігіне берілген. Мешіттің құрылысына осы ауылдың бұрынғы тұрғындары саналатын Рахматуллаевтар әулеті демеушілік жасаған. Дәлірек айтсақ, аталған әулеттің келіні Айжан Жәкішованың бастамасын әулет үлкені Нұрмаханбет ақсақал қолдап, имандылық үйі осындағы «Мәңгілік алау» ескерткіші тұрған жерден ірге көтереді. Бұған қоса, демеуші азамат ауыл орталығындағы «Мәңгілік алау» ескерткішін қайта жаңғыртудан өткізген. Мешіт барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтылған. Дәстүрлі ислам үлгісінде салынған құлшылық үйінде бір мезетте 250-300 адам намаз оқи алады. Мұнан бөлек, шәкірттер дәріс алады. Сонымен қатар рухани орынмен іргелес имамға арналған екі бөлмелі тұрғын үй ғимараты бой көтерген.

Руханият бесігі – кітапхана

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №7 кітапханада барлығы 13015 кітап қоры бар. Кітапхананың бір шетіне М.Әуезовтің кітаптарынан «Абай» бұрышы жасақталыпты. Ол жазушының бас ақын туралы еңбектері мен «Абай жолы» роман-эпопеясынан құралыпты. Ал бір жақ қабырғадағы сөре биылғы мерейтой иелеріне арналған. Ұлы тұлғалар туралы танымдық материал, кітап, журналмен толысқан. Оның ішінде әлеуметтік саяси кітап - 2047 дана, жаратылыстану, денсаулық жайлы – 1013 дана, техникалық, ауылшаруашылық саласы жайлы – 1817 дана, спорт, туризм және өнерге қатысты – 754 дана, тіл білімі және көркем әдебиет – 7906 дананы құрайды. 800-ден аса оқырман тіркелген. Оның ішінде ересегі – 302, жасөспірімі – 132 және балалар саны – 366-ны құрайды. Сонымен қатар мұнда сегіз салаға қатысты, әдебиет, проза, поэзия тағы басқа да бағытты қамтыған кітаптар бар. Кітап қоры аз емес. Қажетті кітап сұраныс арқылы жеткізіледі. Ал осышама байлықты іздеуші бар ма екен? Бүгінгідей телефонға телмірген мезетте жастар кітап оқымайды деп жатады. Көкейдегі бұл сауалға да қонымды жауап алдық. Кітапханашы 800-ге жуық оқырман барын мақтанышпен жеткізді. Оның ішінде зейнеткер, жастар, оқушы, ұстаздар бар. Ол заманауи үрдістен қалмай, жастардың талабына сай болуды көздейді. Кітапханада конференция, мерекелік шара тұрақты өткізілуде.

Елге ардақты жандар

Танымал актриса Әлия Арысбайқызы 1960 жылдан бастап ата-анасымен Қарауылтөбе ауылында тұрған. 1965 жылы өнерге деген құштарлық оны Алматы мемлекеттік консерваториясының театр факультетіне жетелеп келді. Кеңес Одағының халық артисі Хадиша Бөкееваның курсына қабылданды. 1973 жылы кәсіби актер мамандығын алып Қызылорда облыстық драма театрына жұмысқа орналасты.

Әлия Арысбайқызы өзінің 40 жылдық өнер жолында, 25 жылдай театрда танымал спектакльдерде бас кейіпкер рөлін сомдады. Алғашқы қадамынан-ақ шығармашылық биік талапты қоя білген өнерпаз әрбір рөлімен өнер биігіне өрлей білді. М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» Айманды, «Еңлік-Кебегінде» Еңлікті, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқтысында» Ақтоқтыны, И.Байзақовтың «Ақбөпесінде» Ақбөпені, Ә.Тәжібаевтың «Майрасында»-Майраны, Ш.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуінде» - Гүлжанды сыршылдықпен, сезімталдықпен бейнелеп, психологиялық тереңдікпен жеткізе білуі елдің сүйіспеншілігіне бөледі. Әр рөлде таланты ашылып, сахналық шеберлікті меңгерді. Еліміздің атақты драматургтері Садықбек Адамбековтың, Сәкен Жүнісовтің, Дулат Исабековтің, Сұлтанәлі Балғабаевтың шығармаларында басты кейіпкерлерді сахнаға шығарды.

Ал осы ауылда тұратын Досмахановтар отбасы «Мерейлі отбасы – 2018» байқауының жеңімпазы. Қарауылтөбе ауылдық округінде шаруашылықтың өрісін кеңейтіп отырған отбасылардың бірі. Амангелді Досмаханов 1982 жылы астық тасуда үздік көрсеткішке жеткені үшін III дәрежелі еңбек даңқы орденімен марапатталып, кезектен тыс «Нива-212» автомашинасын алған. 10 перзентті өмірге әкелген батыр ана Нәзипа әжей сауыншы болған. 1975-1977 жылдары облыстық кеңестің және Сырдария аудандық кеңесінің бірнеше мәрте депутаты болып сайланған. Сонымен қатар Қарауылтөбе күріш-тәжірибе шаруашылығына мал шаруашылығының жем-шөп бригадирі және автомашина жүргізушісі, қырман меңгерушісі болып түрлі салада еңбек еткен.

Бұл отбасы үрім-бұтағын жайқалтып өсіріп, ұлты мен жұртына адал еңбегімен, өнегелі тәлім-тәрбиесімен танылып жүр. Аманкелді ағамыз бен Нәзима апай 60 жыл бір шаңырақ астында өмір сүріп, 6 қыз және 4 ұл тәрбиелеп, немере сүйіп отырған қарапайым еңбек адамдары. Отағасы Амангелді Досмаханов – зейнеткер, ауылдың құрметті ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы. Халық атынан ақ сөйлеп, ауылдағы күрмеуі қиын мәселелердің шешілуіне ұйытқы болып отырған елге сыйлы қария.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

СҰХБАТ

Көбі қоғамдық жұмысқа белсенді араласуды студенттің ісі, қолы бос адамның жұмысы санайтыны жасырын емес. Бұл елдегі әлеуметтік олқылықтарға бей-жай қараудың нәтижесі. Қоғамдық сананы өзгертудің алғышарты да осы ұстанымнан басталса керек. Сонда ғана талай жастың мемлекет бөлшегі екенін сезінуіне жол ашылар еді. Мұны ұғатындар аз екені өкінішті. Ал сырбойылық Талап Мұрзалиев болса, еріктіліктен еңбек көрсетіп, белсенділіктен биікке шығып отыр. Мәдениет саласының маманы жуырда «ҚР Еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісін иеленіп, ел мерейін көтерді. Осыған орай белсенді азаматпен әңгімелесіп, саладағы сан түрлі мәселені қозғаған едік.

«Еріктілік еріккеннің ермегі емес»

– Талап Алтынбекұлы, сұхбатымызды өзіңіз еңбек ететін мәдениет саласы, белсенділік бағытынан бастасақ. Елордадан олжалы оралдыңыз. Бұл марапат нені білдіреді?

– Қоғамдық жұмыстарға белсенді араласу қырағылықты, ізденімпаздықты талап ететіні сөзсіз. Түрлі байқау, сан сайысты бақылап, назарда ұстаймыз. Кезекті ізденіс барысында республикалық байқау көзге түсті. ҚР Ұлттық музейіндегі «Bilimorkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы ұйымдастырған «ҚР Еңбек сіңірген қызметкері» атты республикалық байқауға қатыстым. Жастар саясаты бойынша атқарған жобалар, белсенділермен жасаған істерімізді қағазға түсіріп, бағалау комиссиясына жолдадым. Көп өтпей, жағымды жауап келді. Нәтижесінде арнайы диплом иеленіп, «ҚР Еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісін кеудеге тағу бақыты бұйырды. Байқау аясында жарық көрген кітапқа мәліметтерім еніп, мерей өсті.

– Сізді ауыл жастарының көшбасшысы ретінде танимыз. Ауыл жастарымен жұмыстың қандай ерекшелігі бар?

– Жастардың жалыны ортақ, мақсаты бір. Қалада да, ауылда да ой-пікір ұқсас. Бәріне тән ерекшелік – елжандылық. Себебі жас буын жаңашылдыққа ұмтылғанымен елінің өткені, болашағына деген көзқарасы орнықты. Мысал келтіре кетейін. Қазіргі таңда Өркендеу ауылдық клубының әдіскері, ауылдық жастар ұйымының төрағасы қызметін атқарамын. Маңызды жобалар аясында аймақтағы жастармен көп бас қосамыз. Сол уақытта шаһардағы жас пен ауыл тұрғындары әр тақырыпта ой бөліседі. Бірақ мәселе ұлт болашағы, өткеннің тарихи бедеріне ауысқанда бәрінің ойы бір жерден шығатынын байқадым. Яғни жастар елінің жарқын болашағы үшін қызмет етуге ынталы.

Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оң үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізе алады. Сонымен қатар жастар қоғамға пайдасын тигізіп, алған білімін еліміздің өркендеуіне жұмсайтын болса, онда келешегіміздің кемел болатыны сөзсіз. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты – жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Әрине, еліміздің келешектегі арайлы таңының пердесін тек белсенді жастар ғана аша алады. Барлық уақытта жастар халық арасындағы ең озық бөлігі болып есептелінген. Олар әрқашан қоғамдағы оң өзгерістердің алдыңғы қатарында болды. Негізінен, жастар – мемлекеттің стратегиялық қоры. Олар дамудың жасампаздық қуаты мен ұлттық күшін жинақтап, дамыта алады.

– Қиын-қыстау кезеңде еріктілердің маңызы артқанын көрдік. Олардың қатарында өзіңіз де болдыңыз. Алған марапатыңыз, жеткен жетістігіңіздің басым бөлігі де осы бағытқа тиесілі. Ерікті болуға қалай бекіндіңіз?

– Еріктілік дегеніміз – адамның өз еркімен ақысыз көмек көрсетуі. Көп елдерде еріктілік жұмыс қатарына қосылады, өйткені волонтер өзінің уақытын бөліп, білімін іске асыра отырып тегін жұмыс істейді. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтар немесе жеке де айналысуға болады. Волонтерлік қызметтің аясы өте кең: әлеуметтік, спорттық, шаралық, экологиялық, медициналық және тағы басқа түрлері бар. Еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасыларына, апат құрбандарына және өзге де жәрдемді қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді. Қазалы ауданының жастары да бірігіп игі істің басынан табылып келеміз.

Мектеп қабырғасында жүргенімде қоғамға араласу, үлкендердің өнегесі еріктілік жолға әкелді. Жасаған ісіміздің еріктілік екенін кеш білдік. Бұрын бұл қайырымдылық, қалыпты құбылыс еді. Қазір жастарды игі қадамға бастау үшін арнайы атау беріп, көптеген жоба жүзеге асты. Біз де өз кезегімізде топқа қосылып, қиын сәтте қолғабыс етуді мақсат еттік. Нәтижесінде ұмытылмас естелік, теңдессіз тәжірибе қалыптасты.

– Ауыл-аймақты көп аралайсыз. Аймақтағы ауылдардың ортақ әлеуметтік-экономикалық мәселесі қандай деп ойлайсыз?

– Дәл қазіргі уақытта ауыл жастарының жағдайы нашар деп айтудан аулақпын. Өзіміз де аудан орталығына келген жас мамандармыз. Мемлекеттік бағдарлама бойынша келген едік. Бірақ келешекте қалаға кетуді ойлаймыз. Меніңше, бұл – заңдылық. Ауылдан бастап, кейін қалаға кету кез келген бүгінгі жастың ойы. Шынын айтқанда, дәл қазіргі уақытта жастарды ауылға тартатын бір-ақ нәрсе. Ол – мемлекеттік бағдарлама. Барлық жағдай жасалып жатыр десек те, ауыл мен қаланы салыстыруға болмайды. Өйткені қалада орта басқаша. Сондай-ақ ауыл жастарының ең негізгі мәселесі жұмыс орнының жоқтығына келіп тіреледі. Жастар қалаға лажсыздан, ертеңгі нанын тауып жеу үшін барады. Елімізде жұмыссыздардың дені – ауыл жастары. Ауылдың гүлденуі әрбір жастың өзіне байланысты. Егер жастар шынымен де болашағын ауылмен байланыстыратын болса, оған ештеңе кедергі келтірмейді

Екінші тұсы да бар. Қазір ауылда жастар азайып барады. Себебі жұмыс жоқ. Ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс орны аурухана мен мектеп ғана. Ауыл жастарының көзімен қарағанда, ауылда басқа баратын нысан жоқ. Сондықтан олар қалаға кетіп қалады. Дегенмен мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар жетерлік. «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі», «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел» сынды бағдарламалар бар. Ауылда мәдени, спорт, медицина, білім беру салаларын дамытуға үлес қосатын, бос уақытты мағыналы өткізетін нысандардың қатарын көбейту керек. Ауыл жастарының шешілмеген мәселелері де жоқ емес. Ауылда жастардың серуендейтін, кешкі уақыттарда демалатын орындары жоқтың қасы. Мәдениет үйі бар, дегенмен онда өтіп жатқан мәдени кештер жастарды қызықтырмайды. Ал аудан орталығынан шалғай ауылдарда жастарға арналған орталар жоқ деуге болады. Сондықтан да жастар ауылда тұрақтамайды, – деген уәжін алға тартады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Е.ЯКУДАЕВ

«Eco Green»: Дайын таңғы ас

Басы 1-бетте

– Граноланы – сұлы жармасынан жасалатын дайын таңғы ас десек болады. Көбіне таңғы асқа тұтынғанымен кез келген уақытта жей беруге болады. Оны әзірлеу үшін арнайы дайындалған сиропқа араластырып, пеште кептіреміз. Қызарып, әбден піскен кезде микро және макроэлементтерден тұратын жаңғақ, дән, мейіз қосамыз. Осылайша дайын өнім қапталып, тұтынушыға ұсынылады. Құрамы тек табиғи өнімдерден тұратындықтан ағзаға пайдалы, цинк, магний сынды витаминдерге бай. Дайын өнімді өзіңіз қалаған сүт, айран немесе йогуртқа араластырып тұтынсаңыз жеткілікті, – дейді экоөнім туралы Самал Сәнімханқызы бізбен әңгімесінде.

Бұған дейін де өзінің іскерлік қырымен танылған Самал Смаилованың өзі де табиғи таза өнім тұтынуды әдетке айналдырған. Бұған өзі қоныс аударған қаладағы ортасы әсер етсе керек.

– Карантин кезінде Алматы қаласына қоныс аудардым. Жалпы алматылықтар дұрыс тамақтану қағидасын бұрыннан қалыптастырған. Мен де жаңа ортада жүріп оның денсаулыққа қаншалықты пайдалы екенін ұға бастадым. Бұрын-соңды мән бермейтін тағамның құрамына қарауды әдетке айналдырдым. Көп ұзамай-ақ ағзада жеңілдік пайда болып, бет терісіндегі оң өзгерісті байқадым. Осыдан соң мұны көпшілік білуі керек деген ой түйдім. Себебі қазіргі кезде зиянды қоспасы бар тағамдар дүкен сөрелерінде көп кездеседі. Тұрғындар да оның құрамына бас ауыртпайды. Соның салдарынан түрлі аурулар пайда болады. Әсіресе балалардың болашағы үшін алаңдаймын. Денсаулыққа бей-жай қарамасақ екен деген ниетпен «Eco Green» өндірісін ашуды жөн көрдім. Бұл кәсіпті бастағаныма көп уақыт бола қойған жоқ, – дейді кейіпкеріміз.

Осылайша ізгі ниеттен туындаған кәсіп үш айға жуық Сыр нарығында өзіндік орнын қалыптастырып үлгерді. Әу баста «қалай болар екен?» «Жаңа өнімді қызылордалықтар қалай қабылдайды?» деген ой қылаң берсе де, тәуекелге бел буған кәсіпкер пилоттық жобаны жүзеге асырды. Қазіргі таңда өндірісте граноладан бөлек, эко-чипсы шығарылады. Бұл балалар ұнататын чипсыдың орнын алмастыратын таптырмас өнім. Ал экоөнімдерге деген халықтың қызығушылығы басым.

– Кәсіпті бастамас бұрын «Нарыққа қалай енеміз?» «Халық қалай қабылдайды?» деген сұрақ болды. Алайда белді бекем буып, пилоттық жоба ретінде жүзеге асырдым. Алғашқы 3 ай талдау жүргізіп, іс барысын бағамдап соңында халық арасында сұранысқа ие екеніне көз жеткіздік. Қаладағы сауда орындарынан көп көлемде тапсырыстар түсуде. Кәсіп аясын кеңейту мақсатында цех ашуды қолға алдық. Жоспар жүзеге асқан соң өнімдерді аймақ бойынша сауда дүкендеріне көтерме бағамен сату көзделуде. Одан бөлек Түркістан, Шымкент, Батыс, Солтүстік Қазақстан облысының нарығын да қамтысақ дейміз. Кәсіпті өз қаражатыма бастадым. Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламамен кәсіп аясын кеңейту жоспарда бар, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде көпшіліктің сұранысына ие болған граноланың өндірісте үш түрі бар. Кәсіпкер мұнымен тоқтамақ емес. Ендігі кезекте тағы арпа, бидай, күріш қоспасын дайындамақ. Ал бұл өнімдерді әзірге қаладағы табиғи өнімдер сататын «Eco shop» дүкенінен табуға болады.

А.ӘЛІМ

Сабинаның қуыршақтары

Басы 1-бетте

Сабинаның негізгі мамандығы – информатик, жоғары білімді жас маман. Дәл қазір ол өз мамандығы бойынша жұмыс істемесе де, қол қусырып қарап отырған жоқ. Оның қолөнерге ден қоюы өзінің ғана емес, өзгелердің де қызығушылығын оятты. Алғашында түрлі түсті маталардан құрақ құрап, сәнді жастықшалар тігуден бастаған Сабина кейіннен қуыршақтарды киіндіруге көшті. Иә, кәдімгі қуыршақ. Бала күнімізде қуыршағымызды өз талғамымызға сай киіндіріп, бояндырып мәз болатынымыз есімізде. Ал есейген Сабинаның қуыршақты киіндіруі бала кездегідей емес, кәдуілгі маман, қолөнер шебері ретінде, талғаммен жасалуда. Ол кішкентай қуыршақтарға түрлі ұлттың киімін кигізуді жөн көрді. Айтуға оңай болғанмен, ойға алған идеяны жүзеге асыру оңай болған жоқ. Ізденіс, әр ұлттың ерекшелігін табу, бояу үйлесімділігін дөп басу үшін оқу, тану, білу қажет екен.

– Алғашқы қуыршағымның киімі де, тігісі де қарапайым болды. Көз тартар дүние шығу үшін шыңдалу қажеттігін түсіндім. Ісмерлік өнердің қыр-сырын, ою-өрнек салудың құпиясын ғаламтордан іздей бастадым. Тіпті шетелдік дизайнерлерден матаға жаңа рең берудің алуан түрін меңгердім. Өз жұмысымның нәтижесін көріп, қолымнан келетініне көз жеткен соң мұны кәсіпке айналдыруды мақсат етіп отырмын. Алғашқы ұлттық киімдегі 10 қуыршақ лезде сатылып кетті. Әлеуметтік желі арқылы тапсырыс бергендер де бар. Негізінен менің қуыршақтарымды туристер және қарапайым адамдар сыйлық үшін сатып алады. Сондай-ақ өз ұлтының киімін қызықтап сатып алатындар да бар. Мәселен, аймағымыздағы корейлер нағыз ұлттық киімді көрсете алғаныма ризашылығын білдірді. Ал өзіміздің ұлттық киімдеріміз мазмұнға бай екені сонша, оны бір қуыршақпен көрсету мүмкін емес. Бір ғана бас киімнің өзін әбден зерттедім. Мәселен, қыз бала тақия кисе, жас келіннің сәукеле киетіні, сондай-ақ жас ананың баскиімі, әжелердің кимешегіне дейінгі аралықтағы киімдерді киюдің өзіндік мәнісі бар екен. Мен қуыршақтарды сату үшін ғана емес, өз қызығушылығыммен және өзімді осы салада дамыту үшін жасаймын. Қазір қолөнердің қыр-сырын біраз меңгеріп қалдым. Тіпті менің қуыршақтарымның киім ұлгісіне американдық танымал дизайнер, модельер Ник Верреос жоғары баға берді. Бұл мен үшін бір жетістік екені даусыз, – дейді Сабина Хайруллақызы.

Ісмер жас қуыршақтарға киім тігуден бөлек, матадан түрлі әшекейлер, сәнді жастықшалар тігеді. Оның қолынан шыққан бұл өнімдер де сұранысқа ие. Қуыршақтар арқылы әлемді тануға, әр ұлттың мәдениеті мен тарихын зерделеуді мақсат еткен Сабинаның бұл игі ісі алдағы уақытта тек кәсіп көзі ғана емес, қоғам үшін де пайдалы болмақ.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

THE WALL STREET JOURNAL.

Қазба байлық күресі немесе Қытай мен АҚШ қандай келісім жасады?

Өткен аптада «The Wall Street Journal» Қытайдың сыртқы саясатына қатысты бірнеше көлемді мақала жариялады. Бірі – «аспан асты елінің» пайдалы қазбалар экспортын тежеу хақында, соңғысы – АҚШ-тың Қаржы министрі Джанет Йелленнің сапары. Маңызы тұрғысынан бір-бірінен ажыратуға бергісіз қос мақаланы ықшамдап аударып, шолу жасау орынды секілді. Себебі тіркесе жарияланған зерттеулердің хронолиялық ерекшелігі өз алдына, әлем елдері үшін маңызы да тетелес.

Қытайдың пайдалы қазбаны сыртқа жіберуі қиындады. Мақала авторы Джиен Сон алдағы экономикалық жағдайға «сәуегейлік» жасап, бұл қадамның әлемдік қаржы саласына қандай қиындық әкелетінін болжаған. Оған қоса батысқа жіберілмейтін пайдалы қазбаның түрін де жіктеген екен. Айтуынша, 1 тамыздан бастап галлий, германий химиялық элементтеріне қатысты тауарларды сыртқа шығаруға рұқсат жоқ.

«Мұндай қадам ұлттық қауіпсіздік пен мүдде жолындағы амал деп көрсетілген. Дегенмен негізгі себеп – жоғары технологиялы құралдарға қолданылатын микрочиптерге талас. Есте болса, АҚШ пен Нидерланд мемлекеттері осы жазда қытайлық микрочиптерді сатып алуға қарсы әрекет жасайтынын жеткізген. Қытай да қарап қалмай, АҚШ, Жапония, Нидерланд елдеріне экономикалық соққыны тойтаратын жол барын ескерткені түрі», – дейді автор.

Мақала жарық көрді. Экономистер мен технологтар жағдайдың күрделі екенін айтып, заманауи технологияның келешегіне алаң білдірген. Көп өтпей, «The Wall Street Journal» кезекті ақпарат жариялады. Онда АҚШ Қаржы министрі Джанет Йеллен Қытайға келіп, келіссөз жүргізгені айтылыпты. Тіпті, сөз арасында микрочип тағдыры мен әлемдік геосаяси ахуал да назардан тыс қалмаған. Мақала авторы Брайан Спегеле кездесу барысын баяндап, қос тараптың ұстанымын жеткізді.

«АҚШ пен Қытай кикілжіңі жалғасуда. Джанет Йелленнің сапар сеңді бұзып, экономикалық байланысты реттеуге үмітті еді. Себебі Қытайдың Тайвань туралы ұстанымы мен озық технологиялар экспортына қатысты көзқарасы радикалданып кеткенін көріп жүрміз. Оған қоса жуырда барлау туралы заңға түзету енгізіп, батыс компанияларын жаппай тексеру басталғаны бар. Ол аздай, кей американдық фирмалардың кеңсесін жауып та тастады. Соған қарамастан Вашингтон ресми Бейжіңмен экономикалық байланыстарды қайта қалпына келтіруге қадамдар жасауға көшкен», – дейді автор.

Расында министрдің Қытайға келуі АҚШ-тың әлі де болса Қытаймен ара суытпауға мүдделі екенін білдіреді. Тіпті өткен айда АҚШ Мемлекеттік Хатшысы Энтони Блинкен Қытайға арнайы келіп, бірқатар келіссөз жүргізіп еді. Енді, міне, пайдалы қазба экспортына қатысты даудан соң Джаннет Йеллен ортақ экономикалық шешім табу үшін барды. Ол БАҚ өкілдеріне берген мәліметінде: «АҚШ пен Қытай арасында біраз келіспеушілік бар. Біз оларды ашық және тікелей айтуымыз керек. Бірақ президент Байден екеуміз АҚШ пен Қытай арасындағы байланысты ұлы державалар қақтығысы ретінде қарастырып отырған жоқпыз», – деп ашық айтты.

Оған қоса әккі саясаткер келген себебін қарыз бен климат мәселесіне де сүйей кетті. Айтуынша, келіссөз екі елге де тиімді шешімдерге жол бастап, экономикалық тұрақтылықты сақтауға себеп болмақ. Бұл үшін Қытайға инвестиция әлеуетін көтеруді ұсынып, бірлесе жұмыс істеуге маңыз берген.

Түпнұсқадан аударып,
жолу жасаған
Берен ШАҒЫРОВ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3093 **Тапсырыс №1071**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы **Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**